200.01.017 Доходы физических лиц, с которых исчисляются социальные отчисления

	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ
1 мес	I			3 мес	III	
2 мес	II			Итого за отчетный квартал	IV	

200.01.018 Доход, с которого исчисляются социальные отчисления в свою пользу

	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ
1 мес	I			3 мес	III	
2 мес	II			Итого за отчетный квартал	IV	

Раздел. Отчисления и (или) взносы на обязательное социальное медицинское страхование

200.01.019 Доходы, с которых исчисляются отчисления на обязательное социальное медицинское страхование

	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ
1 мес	I			3 мес	III	
2 мес	II			Итого за отчетный квартал	IV	

200.01.020 Доходы физических лиц, с которых исчисляются взносы на обязательное социальное медицинское страхование

	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ	МДВЗ	МДВН	ТДВЗ
1 мес	I			3 мес	III	
2 мес	II			Итого за отчетный квартал	IV	



30. Әлеуметтік төлемдер - жалғасы.

№ 3 КЕЙС

2026 жылғы қаңтарда кіріс алған және әлеуметтік төлемдерді төлеуден босатылмаған төрт адвокаттың мысалында жеке табыс салығын (ЖТС), әлеуметтік салықты (ӘС), әлеуметтік аударымдарды (ӘА), міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ), міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын (МӘМСЖ) есептеу және төлеу тәртібін қарастырайық (№ 1 және № 2 кейстердің деректері ескерілді):

Адвокат Оспанова К.

Заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша:

Кіріс = 700 000 теңге (2026 жылғы 15 қаңтардағы көрсетілген қызметтер актісі).

ЖТС = 63 000 теңге (700 000 теңгенің 9 пайызы), 2026 жылғы 5 ақпанға дейін төленеді.

ӘС = 8 650 теңге (2 АЕК).

ӘА = 29 750 теңге ($595\,000 \times 5\%$, өйткені ӘА есептеу үшін кіріс 595 000 теңге деп дербес айқындалған. 10-слайдты қараңыз).

МЗЖ = 59 500 теңге ($595\,000 \times 10\%$, өйткені МЗЖ есептеу үшін кіріс ӘА үшін сияқты 595 000 теңге деп дербес айқындалған. 14-слайдты қараңыз).

ЖМЗЖ = 2 975 теңге ($85\,000 \times 3,5\%$, өйткені ЖМЗЖ есептеу үшін кіріс 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 17, 18-слайдтарды қараңыз).

МӘМСЖ = 5 950 теңге ($119\,000 \times 5\%$, өйткені жарналарды есептеу объектісі $1,4 \times 85\,000$ теңге = 119 000 теңге. 20-слайдты қараңыз). Есептелген ӘС, ӘА, МЗЖ, ЖМЗЖ және МӘМСЖ сомалары 2026 жылғы 25 ақпанға дейін төленеді.

Адвокат Алиев Р.

Заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша:

Кіріс = 700 000 теңге (2026 жылғы 21 қаңтардағы көрсетілген қызметтер актісі).

ЖТС = 63 000 теңге (700 000 теңгенің 9 пайызы), 2026 жылғы 5 ақпанға дейін төленеді.

ӘС = 8 650 теңге (2 АЕК).

ӘА = 4 250 теңге ($85\,000 \times 5\%$, өйткені ӘА есептеу үшін кіріс 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 10-слайдты қараңыз).

МЗЖ = 8 500 теңге ($85\,000 \times 10\%$, өйткені МЗЖ есептеу үшін кіріс ӘА үшін сияқты 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 14-слайдты қараңыз).

ЖМЗЖ = 2 975 теңге ($85\,000 \times 3,5\%$, өйткені ЖМЗЖ есептеу үшін кіріс 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 17, 18-слайдтарды қараңыз).

МӘМСЖ = 5 950 теңге ($119\,000 \times 5\%$, өйткені жарналарды есептеу объектісі $1,4 \times 85\,000$ теңге = 119 000 теңге. 20-слайдты қараңыз). Есептелген ӘС, ӘА, МЗЖ, ЖМЗЖ және МӘМСЖ сомалары 2026 жылғы 25 ақпанға дейін төленеді.

31. Әлеуметтік төлемдер - жалғасы.

№ 3 КЕЙС - жалғасы

Адвокат Сүлеймен Ж.

Заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша:

Кіріс = 300 000 теңге (2026 жылғы 22 қаңтардағы қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы).

ЖТС = 27 000 теңге (300 000 теңгенің 9 пайызы), 2026 жылғы 5 ақпанға дейін төленеді.

ӘС = 8 650 теңге (2 АЕК).

ӘА = 15 000 теңге ($300\,000 \times 5\%$, өйткені ӘА есептеу үшін кіріс 300 000 теңге деп дербес айқындалған. 10-слайдты қараңыз).

МЗЖ = 30 000 теңге ($300\,000 \times 10\%$, өйткені МЗЖ есептеу үшін кіріс ӘА үшін сияқты 300 000 теңге деп дербес айқындалған. 14-слайдты қараңыз).

ЖМЗЖ = 2 975 теңге ($85\,000 \times 3,5\%$, өйткені ЖМЗЖ есептеу үшін кіріс 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 17, 18-слайдтарды қараңыз).

МӘМСЖ = 5 950 теңге ($119\,000 \times 5\%$, өйткені жарналарды есептеу объектісі $1,4 \times 85\,000$ теңге = 119 000 теңге. 20-слайдты қараңыз).

Есептелген ӘС, ӘА, МЗЖ, ЖМЗЖ және МӘМСЖ сомалары 2026 жылғы 25 ақпанға дейін төленеді.

Адвокат Омаров А.

Заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша:

Кіріс = 50 000 теңге (2026 жылғы 28 қаңтардағы көрсетілген қызметтер актісі).

ЖТС = 4 500 теңге (50 000 теңгенің 9 пайызы), 2026 жылғы 5 ақпанға дейін төленеді.

ӘС = 8 650 теңге (2 АЕК).


ӘА = 4 250 теңге ($85\,000 \times 5\%$, өйткені ӘА есептеу үшін кіріс 1 ЕТЖ = 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 10-слайдты қараңыз).

МЗЖ = 8 500 теңге ($85\,000 \times 10\%$, өйткені МЗЖ есептеу үшін кіріс ӘА үшін сияқты 1 ЕТЖ = 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 14-слайдты қараңыз).

ЖМЗЖ = 2 975 теңге ($85\,000 \times 3,5\%$, өйткені ЖМЗЖ есептеу үшін кіріс 1 ЕТЖ = 85 000 теңге деп дербес айқындалған. 17, 18-слайдтарды қараңыз).

МӘМСЖ = 5 950 теңге ($119\,000 \times 5\%$, өйткені жарналарды есептеу объектісі $1,4 \times 85\,000$ теңге = 119 000 теңге. 20-слайдты қараңыз). Есептелген ӘС, ӘА, МЗЖ, ЖМЗЖ және МӘМСЖ сомалары 2026 жылғы 25 ақпанға дейін төленеді.

32. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы.

A close-up photograph of a person's hands, wearing a dark suit jacket, holding a large stack of colorful folders (blue, yellow, and white) that are organized in a filing cabinet. The folders are stacked in a way that their edges are visible, creating a sense of depth and organization. The background is slightly blurred, focusing attention on the hands and the folders.

Налоговый учет и учетная документация адвоката, как лица, занимающегося частной практикой.

33. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

СК-нің 20-тарауы салықтық есепке алуға арналған.

Салықтық есепке алу - салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты жинақтау және жүйелеу, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және салықтық есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) СК талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі (СК-нің 202-бабының 1-тармағы).

Жалпы қағида бойынша салықтық есепке алу бухгалтерлік есепке алу деректеріне негізделеді. Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленеді (СК-нің 202-бабының 3-тармағы).

Қазақстан Республикасында 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - № 234 Заң) қабылданып, қолданысқа енгізілді.

№ 234 Заңның 2-бабында осы Заң қолданылатын тұлғалардың тізбесі белгіленген (дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері және тұрақты мекемелері).

ЖПА ретіндегі адвокат бұл тұлғалар тізбесіне кірмейді.

Демек, Қазақстан Республикасының заңнамасында ЖПА ретіндегі адвокаттың бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есептілікті жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін нормалар жоқ. Сондықтан іс жүзінде адвокаттарда салық төлеуші ретінде салықтық есепке алуды және есепке алу құжаттамасын ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты сұрақтар жиі туындайды.

34. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

СК нормаларын талдау **ЖПА және салық төлеуші ретіндегі** адвокаттың салықтық есепке алуы мен есепке алу құжаттамасы мәселесінде СК-нің 202-бабының 5, 6-тармақтарын негізге алуы қажет екенін көрсетті. Оларға сәйкес:

Салық төлеуші (салық агенті) **салықтық есепке алуды дербес ұйымдастырады** және салықтық тіркелімдер түріндегі ақпаратты жинақтау мен жүйелеу нысандарын:


- салықтық кезең ішінде салық төлеуші (салық агенті) жүзеге асырған операцияларды салық салу мақсатында есепке алу тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қалыптастыруды;
- салықтық есептілік нысандарының әрбір жолын ашып көрсетуді;
- салықтық есептіліктің дұрыс жасалуын;
- салықтық бақылау үшін салық органдарына ақпарат беруді қамтамасыз ететіндей айқындайды.

Салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі салық төлеуші (салық агенті) СК талаптарын ескере отырып дербес бекіткен құжатпен - салықтық есепке алу саясатымен белгіленеді.

35. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Учетная документация адвоката, как лица, занимающегося частной практикой, включает в себя:

- налоговые регистры;**
- налоговые формы;**
- налоговую учетную политику;**
- иные документы, являющиеся основанием для определения объектов налогообложения и (или) объектов, связанных с налогообложением, а также для исчисления налогового обязательства.**



36. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Налоговые регистры



37. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Есепке алу құжаттамасына салықтық тіркелімдер кіреді (СК-нің 202-бабының 2-тармағы).

Салықтық тіркелім - салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер, сондай-ақ СК-нің 56-бабының 8-тармағына сәйкес шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақша және (немесе) мүлік, сондай-ақ көрсетілген ақшаны және (немесе) өзге мүлікті жұмсау туралы мәліметтерді қамтитын салық төлеушінің (салық агентінің) құжаты (СК-нің 205-бабы).

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тіркелімдерді **арнайы нысандар түрінде жасайды.**

Уәкілетті орган белгілеген салықтық тіркелімдер нысандарын қоспағанда, салықтық тіркелімдердің нысандары мен оларда салықтық есепке алу деректерін көрсету тәртібін салық төлеуші (салық агенті) СК-нің 205-бабының ережелерін ескере отырып дербес әзірлейді және олар салықтық есепке алу саясатында бекітіледі.

Салықтық тіркелімдердің міндетті деректемелеріне қойылатын талаптар СК-нің 205-бабының 3-тармағында белгіленген.

Салықтық тіркелімдерге:

- салық төлеуші (салық агенті) СК-нің 202-бабының ережелерін ескере отырып, салықтық есепке алу саясатында өзі белгілеген нысандар бойынша дербес жасайтын салықтық тіркелімдер;
 - салық төлеуші (салық агенті) жасайтын, нысандары мен жасау қағидаларын уәкілетті орган бекітетін салықтық тіркелімдер кіреді.
- Мысалы: жеке практикамен айналысудан түсетін кірістерді есепке алуға арналған салықтық тіркелім нысаны, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 388 бұйрығына 2-қосымша.

Налоговый регистр по учету доходов от занятия частной практикой

1. ИИН* _____
2. Ф.И.О.** (при его наличии) или наименование налогоплательщика _____
3. Статус налогоплательщика (отметка X в соответствующей ячейке):

частный нотариус	☐
частный судебный исполнитель	☐
адвокат	☐
профессиональный медиатор	☐

4. Период: _____ год: _____

№ п/п	Дата	Сумма полученного дохода за день (тенге)	в том числе			
			в качестве залога как способ обеспечения исполнения обязательства (тенге)	в виде оплаты за оказание услуг (тенге)	в виде возмещения расходов (тенге)	другие доходы, подлежащие получению (полученные) (тенге)
1	2	3	4	5	6	7
	Итого за мес-ц:					
	Итого за налоговый период:					

(Ф.И.О.** (при его наличии), подпись лица, занимающегося частной практикой,
печать (при наличии))

(Ф.И.О.** (при его наличии), подпись лица, ответственного за составление
налогового регистра)

(Дата составления налогового регистра)

Примечание:

расшифровка аббревиатур:

*ИИН – индивидуальный идентификационный номер;

** Ф.И.О. – фамилия, имя, отчество

39. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.


Налогоплательщик (налоговый агент) в целях исполнения налоговых обязательств составляет и представляет в налоговый орган налоговые формы.

К налоговым формам относятся:

- 1) налоговое заявление;**
- 2) налоговая отчетность.**

Налоговые формы хранятся в течение срока исковой давности.

(Статья 112 Налогового кодекса Республики Казахстан)



40. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Салықтық өтініш салықтық нысандарға жатады және ЖПА, салық төлеуші ретіндегі адвокаттың есепке алу құжаттамасына кіреді (СК-нің 202-бабының 2-тармағы).

Салықтық өтініш - СК-де белгіленген жағдайларда өз құқықтарын іске асыру және міндеттерін орындау мақсатында салық төлеуші (салық агенті) салық органына ұсынатын құжат.

Салықтық өтініштердің **нысандарын уәкілетті орган бекітеді** (СК-нің 113-бабы).

Салықтық өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 160 «Салықтық өтініштер нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген.

Мысалы, жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты, кәсіби медиаторды тіркеу есебі туралы өтініш (аталған бұйрыққа 10-қосымша).

**НАЛОГОВОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ
О РЕГИСТРАЦИОННОМ УЧЕТЕ ЧАСТНОГО НОТАРИУСА,
ЧАСТНОГО СУДЕБНОГО ИСПОЛНИТЕЛЯ, АДВОКАТА, ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МЕДИАТОРА**

ВНИМАНИЕ! Заполнить шариковой или перьевой ручкой, ЧЕРНЫМИ или СИНИМИ чернилами, ЗАГЛАВНЫМИ ПЕЧАТНЫМИ символами.

Раздел. Общая информация о налогоплательщике

1	Идентификационный номер (ИНН/БИН)	
2	Фамилия, имя, отчество (при наличии) физического лица (частного нотариуса, частного судебного исполнителя, адвоката, профессионального медиатора)	
	Фамилия	
	Имя	
	Отчество	

Раздел. Налоговое заявление

3	Причина подачи налогового заявления (укажите в соответствующей ячейке X):	
	A постановка на регистрационный учет ☐	B изменение регистрационных данных ☐
4	Тип регистрационного учета (укажите в соответствующей ячейке X):	
	A частный нотариус ☐	
	B частный судебный исполнитель ☐	C адвокат ☐
	D профессиональный медиатор ☐	
5	Лицензия на право занятия адвокатской, нотариальной деятельностью, деятельностью по исполнению исполнительных документов:	
	A номер	B дата выдачи Цифрами день, месяц, год
	Документ (сертификат), подтверждающий прохождение обучения по программе подготовки медиаторов:	
	A номер	B дата выдачи Цифрами день, месяц, год
6	Место нахождения частного нотариуса, частного судебного исполнителя, адвоката, профессионального медиатора:	
	A область/район (см. Справочник)	B город (аул, село)
	C улица (микрорайон)	
	D номер дома	E номер квартиры (комнаты, иного помещения)
7	Контактная информация:	
	A номер телефона	B номер факса
	C адрес электронной почты	

Раздел. Согласие налогоплательщика

Мы (Я) даем (даю) согласие на сбор и обработку персональных данных, необходимых для получения государственной услуги, оказываемой в рамках настоящего налогового заявления.

Раздел. Ответственность налогоплательщика

Мы (Я) несем (несу) ответственность в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан за достоверность и полноту сведений, приведенных в настоящем налоговом заявлении.

(Не выводить за ограничительную линию!)

(Ф.И.О. налогоплательщика)	(Подпись)
----------------------------	-----------

Дата подачи налогового заявления:
Цифрами день, месяц, год




Раздел. Отметка органа государственных доходов

(Не выводить за ограничительную линию!)

(Ф.И.О. должностного лица органа государственных доходов)	(Подпись)
---	-----------


Дата приема налогового заявления:
Цифрами день, месяц, год

Код органа государственных доходов



М.П.

42. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы



Налоговая отчетность

43. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Салықтық есептілік салықтық нысандарға жатады және ЖПА, салық төлеуші ретіндегі адвокаттың есепке алу құжаттамасына кіреді (СК-нің 202-бабының 2-тармағы).

Салықтық есептілік - салық төлеуші (салық агенті), салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер, активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік, сондай-ақ салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдерді есептеу туралы мәліметтерді қамтитын салық төлеушінің (салық агентінің) құжаты.

Салықтық есептілікке декларациялар, оның ішінде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш, сондай-ақ салықтар, бюджетке төленетін төлемдер және әлеуметтік төлемдер түрлері бойынша есеп-қисаптар жатады.

Декларация декларацияның өзінен және оған қосымшалардан, есеп-қисап есеп-қисаптың өзінен және оған қосымшалардан тұрады (СК-нің 114-бабы).

Салықтық есептілік нысандарын, оларды жасау жөніндегі түсіндірмелерді және оларды ұсыну тәртібін (бұдан әрі - салықтық есептілікті ұсыну тәртібі) уәкілетті орган белгілейді.

Мысалы, жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларация (270.00 нысаны), жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық жөніндегі декларация (200.00 нысаны) № 695 бұйрықпен бекітілген.


44. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы

Салықтық есепке алу саясаты ЖПА, салық төлеуші ретіндегі адвокаттың есепке алу құжаттамасына кіреді (СК-нің 202-бабы).

Салықтық есепке алу саясатына қойылатын талаптар СК-нің 203-бабының 1-тармағында белгіленген.

Мысалы, ЖПА ретіндегі адвокаттың салықтық есепке алу саясатында салық төлеуші (салық агенті) өзі дербес әзірлеген салықтық тіркелімдердің нысандары мен жасалу тәртібі; салықтық есепке алу саясатын сақтауға жауапты лауазымды адамдардың атауы көзделуге тиіс.

ЖПА ретіндегі адвокаттың есепке алу құжаттамасына салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеуге негіз болатын өзге де құжаттар кіретіндіктен, салықтық есепке алу саясатына **адвокат пайдаланатын және есепке алу құжаттамасына жатқызған өзге де құжаттар** туралы ережелер енгізілуі мүмкін.



45. Салықтық есептілік және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Адвокаттың есепке алу құжаттамасына салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеуге негіз болатын өзге де құжаттар да кіреді (СК-нің 202-бабының 2-тармағы).

Өзге құжаттарға заң көмегін көрсету туралы шартты; сенім білдірушіден немесе клиенттен заң көмегіне ақы төлеу есебіне қолма-қол ақша алынғанын растайтын қаржылық құжатты (мысалы, төлем туралы түбіртек, кіріс ордері); адвокаттың заң көмегіне ақы төлеу үшін қолма-қол ақшасыз нысанда ақша алғанын растайтын құжатты (мысалы, адвокаттың банктік шотынан үзінді-көшірме және т.б.); көрсетілген қызметтер актісін, мұндай акт болмаған жағдайда қызмет көрсету фактісін растайтын өзге құжатты (СК-нің 394-бабы) және басқаларды жатқызуға болады.



46. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Адвокат пен заң көмегіне жүгінген адам арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, шартпен ресімделеді.

Шарттың елеулі талаптарының бірі көрсетілетін заң көмегіне ақы төлеу және адвокаттың қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарын өтеу мөлшері мен тәртібі туралы талап болып табылады.

Ақы адвокаттың банктік шотына қолма-қол ақшасыз нысанда да, қолма-қол ақшамен де төленуі мүмкін.

Адвокат көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Адвокат көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін уәкілетті орган белгілейді.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібі уәкілетті орган айқындайтын мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда адвокат көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне, іссапар және көлік шығыстарына ақы төлеу және оның құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге байланысты басқа да шығыстарын өтеу қылмыстық қудалау органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымдары бойынша жүргізіледі (Заңның 48-бабы).

47. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

ЖПА ретіндегі адвокаттарда шот-фактура жазып беруге міндетті ме деген сұрақ жиі туындайды.

Жалпы қағида бойынша СК-нің 50-тарауына сәйкес қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) төлеуші ретінде тіркелген салық төлеушілер шот-фактура жазып беруге міндетті (СК-нің 207-бабының 1-тармағы, 491-бабының 1-тармағы).

Жаңа СК бойынша ЖПА ретіндегі адвокаттар ҚҚС төлеушілер болып табылмайды және ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюға жатпайды (СК-нің 99-бабы 3-тармағының 3) тармақшасы).

Сондықтан ЖПА ретіндегі адвокат шот-фактура жазып беруге міндетті емес.

Бұрын, жаңа СК қабылданып, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілгенге дейін, ЖПА ретіндегі адвокат сол кезде қолданыста болған СК-де белгіленген жағдайларда ҚҚС төлеуші болды. Сондықтан СК-нің 829-бабында ЖПА-ға ҚҚС бойынша өтпелі ережелер көзделген. Егер ЖПА ретіндегі адвокат ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрса, СК қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық органы оны хабарламасыз, СК қолданысқа енгізілген күннен, яғни 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу есебінен алып тастайды.

ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрған ЖПА ретіндегі адвокат СК қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тіркелген жері бойынша салық органына осындай тарату салықтық есептілігін ұсыну міндеті туындаған салықтық кезеңнің басынан, оны салық органына ұсынған күнге дейінгі кезең үшін ҚҚС бойынша тарату салықтық есептілігін ұсынуға міндетті.

ЖПА ретіндегі адвокаттың ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қойылғаны туралы куәлігі СК қолданысқа енгізілген күннен бастап жарамсыз деп танылады.

48. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

СК-де шот-фактураны ҚҚС төлеуші болып табылмайтын тұлға жазып беретін жағдайлардың тізбесі көзделгеніне назар аудару қажет.

ЖПА ретіндегі адвокаттар бұл тізбеге кірмейді (СК-нің 208-бабы).

Сонымен бірге адвокаттық кеңсені дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп құрған адвокат көрсеткен заң көмегі бойынша осындай адвокаттық кеңсе жасасқан шарттарға сәйкес адвокаттық кеңсе шот-фактура жазып беруге міндетті екенін білу маңызды (СК-нің 208-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы).

Адвокаттық кеңселерге қатысты мынаны атап өту қажет: адвокат адвокаттық кеңседе заң көмегін көрсеткен кезде салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер СК-де айқындалған тәртіппен адвокаттық кеңсенің әрбір адвокатында тиісінше есепке алынады және оларға салық салынады.

Әрбір адвокат адвокаттық кеңсе өз атынан, оның құрамына кіретін адвокаттардың тапсырмасы бойынша, қаражаты есебінен және мүддесі үшін жасасқан шарттар бойынша жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке байланысты өз мүлкін, кірістерін және салық салу объектілеріндегі және (немесе) салық салуға байланысты объектілердегі өз үлесін дербес есепке алады.

Адвокаттық кеңсе жасасқан шарттар бойынша адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты туындаған мүлікті, талаптарды, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу тәртібі, сондай-ақ осындай адвокаттық кеңсенің құрамына кіретін әрбір адвокаттың салық салу объектілеріндегі және (немесе) салық салуға байланысты объектілердегі үлесін айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адвокаттар жасасқан әріптестік шартта белгіленеді.

Мүлікті, талаптарды, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу, сондай-ақ салық салу объектілеріндегі және (немесе) салық салуға байланысты объектілердегі үлестерді айқындау әрбір салықтық кезеңнің қорытындысы бойынша жүргізіледі. Бөлу нәтижелері жазбаша ресімделіп, адвокаттық кеңседе қызметін жүзеге асыратын барлық адвокат қол қоюға тиіс. Мүлікті, талаптарды, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу, сондай-ақ салық салу объектілеріндегі және (немесе) салық салуға байланысты объектілердегі үлестерді айқындау нәтижелері туралы құжатты салықтық тексеру кезінде әрбір адвокат салық органдарына ұсынады (СК-нің 217-бабы).

Аталған құжаттар салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеуге негіз болатын өзге құжаттар ретінде адвокаттың есепке алу құжаттамасына енгізіледі (СК-нің 202-бабының 2-тармағы).

49. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.



«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына сәйкес адвокаттың заң көмегіне, оның ішінде ауызша заң консультацияларына ақы төлеу және тапсырманы орындауға байланысты шығыстар есебіне қолма-қол ақша алуына тиісті қаржылық құжат бермей жол берілмейді.

Сонымен бірге адвокаттың заң көмегіне, оның ішінде ауызша заң консультацияларына ақы төлеу және заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты шығыстар есебіне заң көмегіне жүгінген адамнан қолма-қол ақша алуын қандай қаржылық құжатпен ресімдеу керек деген мәселе ашық күйінде қалып отыр.

Бұл мәселе маңызды, өйткені ЖПА ретіндегі адвокат бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға міндетті емес. Сондықтан, әдетте, мұндай қаржылық құжат адвокаттың есепке алу құжаттамасына енгізіледі және салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеуге негіз болатын өзге құжаттарға жатады (СК-нің 202-бабының 2-тармағы).

50. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Адвокат клиенттен заң көмегіне ақы ретінде қолма-қол ақша алған кезде оған қандай қаржылық құжат беруге тиіс деген мәселеге қатысты мынаны атап өту қажет: іс жүзінде адвокаттар көбіне түбіртек кітапшаларын, кіріс ордерлерін пайдаланады. Оларда әдетте адвокат пен клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заң көмегін көрсету туралы шарт, төлем сомасы, адвокаттың қолы және күні көрсетіледі.

Қолма-қол ақша қабылданған кезде клиентке адвокат қол қойған, оның мөрі (бар болса) қойылған түбіртектің түбіршегі немесе кіріс ордеріне түбіртек және т.б. беріледі.

Адвокат бұл құжаттарды тіркеу журналында тіркей алады немесе өзге тәсілмен белгілей алады.

Жоғарыда аталған мәселе заңнамамен реттелмегеніне қарамастан, бұл тәсіл СК-нің 202-бабының нормаларына сәйкес келеді. Оларға сай салық төлеуші салықтық есепке алуды дербес ұйымдастырады және салықтық мақсаттарда ақпаратты салықтық тіркелімдер түрінде жинақтау мен жүйелеу нысандарын айқындайды.

Жоғарыда көрсетілген барлық мәселе салықтық есепке алу саясатында көрсетілуі мүмкін, бұл СК-нің 202, 203-баптарының нормаларына сәйкес келеді.

Бақылау-касса машинасына қатысты.

Адвокат бақылау-касса машинасын қолданудан босатылған (СК-нің 110-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы). Демек, ол көрсетілген қызметке (заң көмегіне) төленген сомаға бақылау-касса машинасының чегін немесе **тауар чегін беруден босатылады.**

51. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.



Клиент заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша ақыны адвокаттың банктік шотына ақша аудару арқылы төлей алады (қолма-қол ақшасыз төлем). Бұл ретте адвокат адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде қандай шоттарды пайдалана алатынын түсіну қажет.

52. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.


Банктік шот шартын жасасу және ағымдағы шот ашу үшін адвокат банкке жүгіне алады.

Шот ашу үшін адвокат банкке жеке басын куәландыратын құжатты; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларының (бұдан әрі - № 207 қағидалар) 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатты; адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияның көшірмесін немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесін ұсынады (№ 207 қағидалардың 26-тармағы).

Іс жүзінде адвокаттарда заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша клиенттің төлемін жеке тұлғалардың шоттары арқылы алуға бола ма деген сұрақ туындайды. Мысалы, Kaspi.kz қосымшасында ашылатын Kaspi Gold шоты арқылы.

Мұндай шоттар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметке, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметке, медиация тәртібімен дауларды реттеу жөніндегі қызметке байланысты банктік операцияларды жүргізу үшін емес, жеке қажеттіліктері үшін ашылатынын атап өту қажет. Шот ашылған кезде бұл туралы өтініш беріледі (№ 207 қағидалардың 11-тармағы).

53. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.




Заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мәселесін қарастырғанда «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 35-2) тармақшасына жүгіну қажет. Оған сәйкес мобильді төлемдер - штрих-код пайдаланылатын төлемдерді қабылдауға арналған мобильді қосымша немесе өзге жабдық (құрылғы) арқылы алынатын, тауар сатып алу, жұмыс орындау, қызмет көрсету ақысын төлеу үшін дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, заңды тұлға ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның пайдасына электрондық нысанда бастама жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдер.

Демек, ЖПА ретіндегі адвокат заң көмегін көрсету туралы шарт бойынша ақыны мобильді төлемдер арқылы ала алады.



Мысалы, шот Kaspi Pay мобильді қосымшасы арқылы ашылады. Оған қызмет көрсететін немесе тауар сататын кез келген адам қосыла алады. Олар дара кәсіпкерлер, ЖШС, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары және басқалар болуы мүмкін.

54. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.



Мысалы, Kaspi Pay-ге қосылу үшін адвокатқа банктің жақын бөлімшесіне консультация алу үшін жүгіну ұсынылады. Kaspi Pay-дегі мобильді төлемдер үшін «Адвокат» санаты таңдалады.

55 Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.



56. Адвокаттың салықтық есепке алуы және есепке алу құжаттамасы - жалғасы.

Адвокат СК-де есепке алу құжаттамасын жасауға және сақтауға белгілі бір талаптар қойылатынын ескеруі қажет. Бұл талаптар СК-нің 206-бабында қамтылған.

Есепке алу құжаттамасын салық төлеуші (салық агенті) қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды.

Шет тілдерінде жасалған жекелеген құжаттар болған жағдайда салық қызметі органы олардың қазақ немесе орыс тіліне аудармасын талап етуге құқылы.

Есепке алу құжаттамасы электрондық нысанда жасалған кезде салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеру барысында салық органдарының лауазымды адамдарының талап етуі бойынша электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде тіркелген шот-фактураларды, бухгалтерлік құжаттаманы және бастапқы есепке алу құжаттарын қоспағанда, осындай құжаттаманың қағаз жеткізгіштегі көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Салық салу объектілеріне немесе салық салуға байланысты объектілерге қатысты есепке алу құжаттамасын салық төлеуші (салық агенті) әрбір салық немесе бюджетке төленетін төлем түрі бойынша СК-нің 65-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ кемінде бес жыл сақтайды.

Есепке алу құжаттамасын сақтау мерзімі осындай

есепке алу құжаттамасының негізінде салықтық міндеттеме есептелген кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнен басталады. СК-нің 206-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген сақтау мерзімі осы тармақта белгіленген мерзімнен ұзақ болған жағдайлар бұған кірмейді.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**